



ОСЫ ҒОЙ ЕНДІ...

КӨКШЕДЕ



Фото: 47k.kz

Көкшетауда шатырдан шатақ шықты. Нәсер түгілі, себелеген соқыр жауынның суы төбеден ағады деп кім ойлаған? Жаңбырлы күндері тамшының тырсылы тұрғындардың құлақ етін жеп қояды. Осыдан мезгі болған қарапайым жұрт «ескі үйіміз жаңарып, жыртығымыз жамалады» деген армандарының күл-талқаны шыққанына көздері жетті.

КЕЛЕҢСІЗ КӨРІНІС

Күздің кара жанбырында төбеден өткен сумен алыскандар тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы бойынша басталған құрылыс жұмыстары аяғына жетпей тұралап қалады деп еш ойламапты. Қазір құрылысшылар да, мердігер де тал түсте таптырмай кетті.

Өткен маусым айында жөндеу жұмыстары басталғанда құрылысшылар шатыр орнату үшін тірек ағаштарын қойған. Сол кезде төбені бұрғымен тесіп, ойықтар жасаған. Алайда тесіктердің талай пәтерге зардабы тиерін ешкім аңғармапты. Күн бұлттанса, қорқатын тұрғындардың жүйке жұқартатын жөні бар. Пәтерлерге жауын суы лап бергенде, оны тоқтататын жан баласы жоқ. Қарашаның кара суығында түскен қар да ауық-ауық еріп, төменге ағуда.

Жергілікті билік өкілдері мен мердігерлердің жауапсыздығынан тұрғындар жапа шегуде. Әсіресе үстінгі қабаттағы пәтерлер қатты бүлініп, үйлеріне қонақ шақырудан қалған.

Әсемгүл Темірова, Көкшетау қаласының тұрғыны:
— Халық жап-жақсы тұрып жатқан үйді жөндеуіміз деп ақыры бүлдіріп тынды. Келісімшартқа қол қойғанда, біз

Сәкен БАҚАЕВ, заңгер:

«Мына масқараны «жаңғырту» деп атайды. Ұяттары жоқ. Көріңіз, міне! Үйлері шашылып бара жатыр. Бұл үйге 22 миллион теңге жұмсалған. Халық сапасыз жөндеу жұмыстарына не үшін төлейді?»



құрылысшыларға сендік. Содан жөндеу жұмыстары басталып кетті. Алғашында игі бастамаға бәріміз қуандық.

(Жалғасы 7-бетте)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

— Еліміздің Америка Құрама Штаттарында «Falcon 9» зымыран-тасығышымен жер серігін ұшыратыны рас па?

ЖАУАБЫ:

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:



«Біз бұрын спутниктерді ұшырып жүрген ресейлік «Днепр» бағдарламасының жабылуына байланысты өзге елдің зымырантасығышын іздеуге мәжбүр болдық. Бұл – нарық. Арзан, өзімізге лайықты зымыран іздедік. Сөйтіп, «Falcon 9» зымыранын, SpaceX компаниясын таңдадық. Алдын ала дайындығы, сақтандыруы бар, 1 миллион 300 мың – 1 миллион 400 мың долларға түсті. Бұл өте арзан баға деуге болады. Себебі, бірден екі жер серігін ұшырамыз. Бір зымыранмен бір жер серігін ұшыру 10-30 миллион долларға дейін қымбаттап кетуі мүмкін. Ал біз спутникті басқа елдердің жер серіктерімен бірге ұшырайын деп отырмыз».



JAS QAZAQ пен КТК телеарнасының бірлескен жобасы

Анар ЖАЙЫЛҒАНОВА, Мәжіліс депутаты:

Биыл ұсақ-түйек қылмыстардың 88-і тіркелсе, соның 55 пайызы ашылған. Бұл шынымен де кемшіліктің барын білдіреді.

(Толығырақ 3-беттен оқыңыз)

Гүлзат КӨБЕК, кинотанушы:

Бүгінгі талап басқаша. Дәл бүгінгі заманда белгілі бір ұлттың нақышы мен бет-бейнесі – оның қалыптасқан интеллектуалдық келбетінде, ішкі мәдениетінде. Өресінде. Адами қасиетінде. Біздің отандық көрермендер өз заманының қаһарманын көруге зәру.

(Толығырақ 6-беттен оқыңыз)

ӘТТЕГЕН-АЙ!

ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАЖАЛ




Ақтөбе қаласында биыл бірінші сыныпқа барған Інжу анасы мен бауырларының көз алдында жан тапсырды. Уақытынан 49 минут көшігіп келген жедел жәрдем дәрігерлері денесі мұздап, жүрегі тоқтаған қыздың өлімін ғана тіркеді. Жедел жәрдемге 10 рет телефон шалған ананың жүрегі қан жылап қалды.

(Жалғасы 7-бетте)

БИРЖАМЕТР



Тәуіп пен қауіп хикая



БИЛІК

Энергетика вице-министрі Анатолий Шкарупаның басына қара бұлт үйірлді. Ол Саран қаласының әкімі болып тұрған кезде орталық жылу жүйесі жоқ шаһарда қабырғаға есептеу құралдарын іле берген. Соның кесірінен 215 миллион теңгенің қайда кеткені белгісіз. Ал

Шенеуніктердің жауапсыздығынан, энергия жеткізуші компаниялардың тойымсыздығынан қарапайым халық 14 миллиард теңге шығын шеккен. Энергиямен қамтамасыз ететін компаниялардың заңсыз кірісі 15 миллиард теңге болған. Елімізде белгілі бір мақсатпен «Инвестициялар орнына тариф»

атқарушы органдар тарапынан бақылау жасалмағандықтан және олардың әрекетсіздігінен туындап отыр», — деді. Осы салада бағаға катысты ымыраластыққа және сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылыққа жол берген өкілетті мемлекеттік органдар жаппай тексерілді.



монополистер тұрғындардың есебінен миллиардтаған теңгеге байыған. Міне, осындай жаға ұстатарлық деректер сәрсенбі күні Астанада Елбасының төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінде жария болды.

бағдарламасы қабылданған. Ол 2009 жылдан бастап 7 жыл бойы монополистерге өндірісті жаңғырту үшін миллиардтаған қаражат табуға мүмкіндік берді. Осы мақсатта тарифті екі есе көтеру келісілген. Ірі энергетикалық компаниялар осы қаржы есебінен қуатын жанартудың

Нұрсұлтан Назарбаев жиында жасалған баяндамаларды назарға ала отырып, бірқатар нақты тапсырма берді. Мәселен, ұлттық экономика министрлігінің монополияға қарсы комитет жұмысының нашарлығын айтып, Премьер-Министрге комитет қызметін тәртіпке келтіруді, өңірлік деңгейдегі монополияға қарсы барлық ведомстволар жұмысының тиімділігіне баға беруді тапсырды. Елбасы энергетика министрлігі тұтынушылар төлеген әрбір тиын үшін жауап беруге тиіс екенін, бұл қаражат экономикамызды дамытуға жұмсалуды керектігін қадап айтты. Тариф көтеру жөніндегі әрбір шешімді қабылдаған сайын, ең алдымен, халықтың төлем қабілеттілігін ескерген жөн. Тарифтерге қатысты жоспарлы өзгерістердің бәрі көпшілік талқылауына мүлдем түспейді немесе формальды түрде өткізіледі. Бұл іске жұртшылықты, үкіметтік емес ұйымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін кенінен тарта отырып, қазіргі механизмді өзгерту қажеттігін баса айтқан мемлекет басшысы табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау комитетінде азаматтармен «кері байланыс» орнатудың тиімді жүйесінің жоқтығына назар аударды. Министрлікке тұтынушылар құқығын қорғау қызметін ретке келтіру тапсырылып, монополияға қарсы комитет басшысына сөгіс жариялады. Енді тарифтерді заңсыз көтерген монополистер жазаланады.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

12

ШҚО-да осынша студент сабаққа келмесе де, шәкіртақы алып отырған

500

Ақтөбеде осынша азамат баласына алимент төлемеген

1 100

азамат еліміздегі көші-қон заңын бұзған

115 000

еуро. Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары парамен ұсталды



Керібай МҰСЫРМАН,
Мәжіліс депутаты:

«Министрліктің деректері бойынша, биыл 1 млн 145 мың адамды атаулы әлеуметтік көмекпен қамту жоспарланған. Алайда іс жүзінде 9 айда бағдарламаға 504 мың адам ғана тартылған. Бұл жылдық жоспардың 45 пайызын құрайды»



Медина ӘБІЛҚАСЫМОВА,
өңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Жәрдемақыға бөлінген ақшаның игерілмеуіне, аталған әлеуметтік көмекті алатын адамдардың қысқаруы себеп. Мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың нәтижесінде өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері жақсарды»

Аптаның айтары

Архимед МҰХАМБЕТОВ, Қостанай облысының әкімі:

Мен облыс атауының өзгеруіне қарсымын. Осы уақытқа дейін Қостанай аталынып келді. Қостанай болып қалғаны дұрыс. Менің ойымша, бұл мәселені халық арасында ұшықтырудың қажеті жоқ. Егер қажет болса, бұл мәселені көпшілікпен талқылауға дайымын. Өз көзқарасымды айта кетейін. Торғай – аудан орталығы. Егер де 1930-40-жылдары Қостанай Торғай атауымен аталған болса, онда оның тарихи атауын қайта қоюды ойлануға болар еді. Ал бұл жерде жағдай мүлдем басқа.

Әлеумет.t⁰



Әлеуметтік желінің бұл жетідегі әңгімесі — Алматы манындағы Көкжайлауда тау шаңғысы орталығын салу жөнінде. Әдеттегідей, қолдаушылар мен қарсы болушылар арасындағы ымырасыз пікірталас. Алдыңғылары табиғаттың тиімді мүмкіндігін пайдаланып, туризмді өркендетуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындарды таза ауада спортпен шұғылдануға оңтайлы жоба екенін айтады. Соңғылары «қоршаған орта бүлінеді, бай-бағланның бизнесі көкке өрмелейді, қазына

сай болатынын көптен бері жазып та, жарнамалап та жүр. Әсіресе, шетелдік туристерді қызықтыру үшін қажетті мағлұматтың бәрі бар. Ташкенттен шаңғы тебетін жерге дейін тактайдай тегіс жол салынғанын, арадағы 80 шақырымды небәрі 1-1,5 сағатта еңсеріп тастайтыныызды қаперге салады. Еуропалық «шале» үлгісімен қалашық салынғанын айтуды да ұмытпайды. Өзбек ағайынның шаңғы орталықтарын көбейтуінің астарында қандай гөп жатыр? Мұнын

АЙҚАЙҒА ҚИҚУ ҚОСЫП...

қаржысы желге ұшады» дейтін түрлі уәждерін көлденен тартады. Арасында «Шаңғының туризмге қандай қатысы бар осы?» деген күлкілі сауалды қойып жатқандар да бар. Бір қызығы, еліміздің басқа өңірлерінде шаңғы тебу орындары ашылып жатқанда әлгі «табиғат жанашырлары» мен «қазына қамқоршылары» үнсіз қалып еді. Көкжайлауға келгенде неге ерекше белсенді? Көп өтпей бұл сұрақтың да жауабы табылатын сияқты. Өйткені, әдетте ағаш отырғызу, қоқыс тазалау сияқты іс-шараларда көріне бермейтін ондайлардың бекер кеңірдек жыртыпайтыны бесенеден белгілі.

Бізде осындай, айқайға кикү қосқандардың үні көбірек естілуде. Ал көршілер дау-дамайсыз-ақ, бүгінгі заманның ең тиімді саласы — туризмді дөңгелетуге кірісіп кетті. Орыстар Олимпиада ойындарының арқасында Сочиді әлемге танытты. Қырғыздар Қарақолды халықаралық орталыққа айналдыруға күш салып жатыр. Өзбектер де қалысар емес.

Бір айдан кейін Өзбекстанда Amirsoy (*Әмірсай*) тау шаңғысы кешені ашылады. Бұл өзбектің алғашқы спорт — демалыс орталығы емес. Белдерсай да сол Шымған өңіріндегі Күмбел тауында. Ангренде де керемет деседі. Бұл елдегі ақпарат құралдары жаппай жаңа кешеннің әлемдік талапқа

жауабын табу қиын емес. Онсыз да саяхатшының аяғы үзілмейтін елде туризм маусымын жыл он екі айға созу міндеті тұр. Сол мақсатпен қазынадан 100 млн еуро бөліп, халықаралық кешенді салып отыр. «Халықаралық» деген атқа сай болуы үшін әрі туристер тез жалықпас үшін шаңғы тебу жолын ұзартпақшы. Қазіргі шама — 21 шақырым. Салыстыру үшін айтсақ, біздің Шымбұлақта бұл көрсеткіш 3,6 шақырымдай. Оның үстіне, жоталары тік болып келетіндіктен, биікке шығудан гөрі төмен құлдилау жылдамырақ. Рас, кәрі құрлықтан келетін шаңғышыға әлгі 21 шақырымын да аздық етеді. Кайбір жылы журналистердің жарысына қатысамыз деп Испанияға барғанбыз. Жалпы трассаның ұзындығы 420 шақырым екенін естігенде таңқалғанбыз. Бірақ оған жету үшін Барселонадан көлікпен 4-5 сағат жүру керек. Болгарияның мақтанышы — Пампорово ел астанасы Софиядан 160 шақырымдай жерде. Соған қарамастан, жан-жақтан ағылған саяхатшыда есеп жок. Ал Шымбұлақ пен Көкжайлау қаладан небәрі 25 минуттық жерде. Болашақта осы екеуін Ақбұлақпен қосатындай жоба іске асып жатса, көпсалалы туризмді дамыттық деп ауыз толтыра айтар едік.

Срайыл СМАЙЫЛ



Қызықстан қызықтары

КӨЛІККЕ ТИЕП ӘКЕТТІ

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында соғыммен ауызын майлағысы келген барымташылардың айласы жүзеге аспай қалды. «Қама3» көлігіне 27 ірі қараны тиеп алып, таптырмай кеткісі келген сұғанақтарды тәртіп сақшылары дер көзінде ұстады.



Тергеу барысында барымташылардың қолында ірі кара мал тасуға рұқсат құжаты болмаған. Мал ісесіне 8 миллион теңгеге жуық залал келген. Қазіргі таңда мал ұрлығы бойынша соталды тергеу амалдары жүргізілуде. Ұрылар иен далада іесіз жайылып жүрген малды оңай олжалайды екен. Сондықтан тәртіп сақшылары мал иелеріне өте қырағы болуды ескертеді.



Дәулетхан Қыдырбайұлы: Анар Нұралықызы, Елбасы Жолдауында құқықтық реформаға өзгерістер енгізу туралы айтты. Біз осы мәселені сөз еткенде, салыстырмалы түрде айтатынымыз бар. Сіз де, біз де кеңестік дәуірді көргендерміз. Сол кезеңде «милиция менің қорғаным» деген қанатты сөз бар еді. Бүгінгі полиция туралы не айтасыз?

Анар Жайылганова: Мен сізбен келісемін. Ол жағы орынды деп ойлаймын. Себебі полиция қызметкерлеріне қатысты көптеген сын айтылады. Онымен де келісуге болады. Алматының қалалық полиция департаменті жергілікті полициямен бірлесіп қызмет етуді жандандыруда. Демек, қылмысқа қарсы күреске қолдау болады деп ойлаймын.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Біз реформа жасауда ең

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – полиция қызметіндегі реформа. Бұл жаңалық қарапайым жұртқа не береді, полицияға деген халық сенімін арттыра ма? Мәжіліс депутаты, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Анар Жайылгановамен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы осы мәселелер жөнінде сұхбаттасты.

Анар Жайылганова: Қазіргі таңда жергілікті полицияның барлығы полиция департаментіне біріктірілді. Оның атауында тұрған ештеңе жоқ. Қызметі сол күйінде қала береді. Олар тікелей атқарушы органдармен бірігіп жұмыс істейді. Қазір жергілікті бюджет, тіпті ауылдық әкімдіктерге дейін қаражат беріліп жатыр. Тіпті ауылдардың өзінде жергілікті атқарушы органдар полициямен бірлесіп қызмет етуді жандандыруда. Демек, қылмысқа қарсы күреске қолдау болады деп ойлаймын.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Біз реформа жасауда ең

жемқорлықты жеңе алмаймыз. Бірақ, мен осы пікірмен келіспеймін. Өйткені аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет істейтін жергілікті полицейлермен кездескен кезде, олар жалақымыз дұрыс болса, отбасымды асырауыма жетсе, баспанам болса, маған жемқорлық керек емес деген пікірді айтады. Мен мұнымен келісемін. Ертең сол үшін сотты болып, қызметінен айырылғанша, жалақымен жан сақтағаны артық. Егер оларға берілетін әлеуметтік пакет дұрыс болса, пара алып қайтсін? Сондықтан бюджетті пысықтаған кезде, біз осы мәселелерді көтердік. Ұлттық



ПОЛИЦИЯ: РЕФОРМА КИІМ АУЫСТЫРУДАН БАСТАЛДЫ

Полиция қызметкерлерінің бір-біріне оқ атуы да болды. Бірақ «бір құмалақ, бір қарын майды шіргеді» демекші, бәрін бірдей жаман деп айта беруге болмайды. Полиция қызметінің жақсы жағын да айтуымыз керек. Мысалы, биыл 9000-нан асатын қарақшылық оқиға тіркелген. Осы қылмыстың 55 пайызы жылдың басында-ақ ашылған. Сондықтан жұмыс істеліп жатыр деп айта аламыз. Тек бәрі халық көңілінен шығып жатыр деуге әлі ерте.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Алматы, Астана сынды ірі қалаларда, болмаса облыс орталықтарында бейнебақылау камералары орнатылған. Қылмыскерді тез табуға мүмкіндік бар. Дегенмен, ұсталған қылмыскерлердің тірлігін ұсақ-түйек іс деп қарастыратынымыз бар. Мысалы, ұялы телефон, велосипед ұрлау, тағы да басқа заттарды жымқырып кету ашылмай қалып жатады. Сонда бейнебақылау камералары не үшін керек?

Анар Жайылганова: Биыл осындай ұсақ-түйек қылмыстардың 88-і тіркелсе, соның 55 пайызы ашылған. Бұл шынымен де кемшіліктің барын білдіреді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жаксы, бұл ірі қалаларға қатысты мәселе. Ал шағын қалаларда бейнебақылау жүйесі мүлдем жоқ. Сонда олар тек учаскелік полицияға ғана сенім арта ма? Басқа жаңа қожой?

Анар Жайылганова: Дұрыс айтасыз... Одан басқа амал жоқ!

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Әлде, бұл салаға да өзгеріс енгізісіндер ме?

алдымен әр нәрсенің атауын ауыстырамыз. Жергілікті полиция органын құрамыз дегенде де әріптестеріңіз дұрыс деп қолдады. Кеше жергілікті полиция жойылады. Оның орнына полиция департаменті құрылады деген кезде оны да қолдадыңыздар. Осының тиімділігі бар ма? Атауы өзгере бергеннен не пайда? Полиция қызметінде, оның атқаратын міндетінде, сапасында өзгеріс бола ма?

Анар Жайылганова: Сізбен толық келісемін. Депутат ретінде де, осы қоғамның азаматы ретінде де айтарым, оның қалай аталғаны маңызды емес. Полиция қызметкерлері алдымен адамдардың құқын қорғауы, қылмыспен, жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуі керек. Осы үш бағыттың басын қоссақ, оның атауы қалай өзгеруі тиіс? Полиция департаменті бола ма, әлде оны жергілікті полиция қызметі деп атаймыз ба. Оның атында тұрған ештеңе жоқ, ең бастысы, заты дұрыс болуы тиіс. Заты сақталады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Өзіңіз өңірлерді аралап, елдің ішінде жүрсіз. Бәлкім, әлеуметтік желілерді қарап отыратын шығарсыз, полиция деген кезде көпшілігінің пікірі жағымды деп айта алмаймын. Оның бірден-бір себебі өзінің шетін айтып өткен жемқорлық мәселесі. Әсіресе жолдағы жемқорлық тоқтамай тұр. Осыны жоюдың жаңа бір тәсілдері ұсынылды ма?

Анар Жайылганова: Полиция қызметкерлері төңірегінде түрлі пікір бар. Олардың айлығын қанша көтерсек те, сыбайлас

ұлан олардың жалақысы, коммуналдық жағдайына байланысты заңда көрсетілген норма бар. Яғни оларды баспанамен қамтамасыз ету керек, болмаса пәтеракысын мемлекет төлеп отыруы тиіс. Ұлттық ұланның өзі тиісті ақшаны дер кезінде ала алмайды екен. 2017 жылдан бері мемлекет Ұлттық ұланға 4 млрд 900 миллион теңге қарыз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сонда мемлекет қарыз болып қалған ба?

Анар Жайылганова: Иә, мемлекет қарыз. Үкімет пен қаржы министрлігі бірлесе отырып, 4 млрд 346 миллион теңге көлеміндегі қарызды әрең дегенде шештік.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Халық полиция саласына жан-жақты өзгеріс керектігін айтады. Мемлекет басшысы да өзгеріс керек деді. Бірақ не ел-жұрт, не Елбасы киім ауыстырайы деген жоқ. Жаңа реформа неге киім ауыстырудан басталды?

Анар Жайылганова: Менің ойымша, қылмыскерлермен жұмыс істейтін мамандар үшін киім шынында да, икемді, оңтайлы болу керек. Олар қару-жарақ ұстап жүреді. Кейде қылмыскерді қуу керек болады. Осы жағынан келгенде, олардың киімдері жүріп-тұруға ыңғайлы болғаны дұрыс. Киім ауыстыру мәселесі реформаман дәл келіп қалған болар. Сол себепті жұрт «киімдерін ауыстырып қана қоя салмақшы ма?» дегенді айтып жатыр. Мүлде олай емес. Келешекте полиция қызметі халықтың көңілінен толық шығады деп ойлаймын.

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жанайқай

Хэллоуин Ирландия мен Шотландия секілді елдерде ертеде пайда болған құбыжық мереке. Жын-ойнақ салатын шара осы күнге жетіп қана қоймай, өзге елдерде түп-тамыры әлсіздене бастаған ұрпақтың санасын ұлай бастады. Жыл сайын 31 қазанда аталып өтетін хэллоуиннің қасіреті көбейіп келеді. Мәселен, хэллоуинді тойлаған түні есімі өлге белгілі каскадердің өлім құшуы жұртты қатты шошытты.

Аянышты оқиға осымен бітсе жақсы еді. Астанада хэллоуин кешінде дұрыс бекітілмеген баннер колледж түлегі Елена

есімді қыздың үстіне құлап, бойжеткен жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізілген. Лена қорқынышты кейіпкерлердің бірінің рөлін сомдаған. Абырой болғанда, әлсіз бекітілген баннер құлағанда жанында тұрған жігіт баннерді ұстап қалған. Бір қағары бар екен. 17 жастағы қыз дәрігерлердің тексеруінен өткен.

Ал Алматыда тәртіп сақшылары тосын оқиғалардың алдын алды деуге болады. Сол түні көмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Демалыс» жедел алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылған. Алматы қалалық полиция департаменті жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Лейла Әліпбаеваның айтуынша, 31 қазан түні демалыс орындарына рейд жүргізілген. «Бұл күні жастар хэллоуин мерекесін тойлайды. Ол түнгі ойын-сауық орындарында түрлі кештер өтеді.

ТОЙДЫҢ СОҢЫ ТОПАЛАҢ...



ТАҚЫРПҚА ТҰЗДЫҚ

Алуа СУЛТАНҒАЗИНА,
Абылай хан

атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 1-курс студенті:

Хэллоуин – бұл мейрамды тойлаған емеспін. Осы мерекеге орай ойын-сауық орталықтары мен түнгі клубтарда түрлі шаралар өтетіні туралы жарнаманы көзім шалды. Бірақ қызығушылығым болмады.

Бұл мерекенің тарихын да, мақсатын да білмеймін. Ал осы мерекені тойлаған қатарластарыма айтарым, егер уақытын қызықты өткізгісі келсе, еліміздегі хэллоуиннен бөлек, басқа да мерекелер бар емес пе? Мысалы, жаңа жыл мерекесі. Ал бәтін бояп алып, қорқынышты киініп, әруақ кейпіне еніп мерекені тойлау дұрыс емес.

Әсет ӘУЕЗОВ, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 3-курс студенті:

Бұл мерекені достарыммен бірге атап өттім. Бірақ бетіме ешқандай бояу жақпадым. Меніңше, мерекені Батыстың, Шығыстың мерекесі деп бөлмеу керек. Жастар хэллоуинді тойлап, еліміздегі басқа мерекелерді ұмытып кетеді деу – қате. Әр мезгілдің өз мейрамы бар. Ал хэллоуинді біз көбінесе шетелдік кинолардан көріп көлеміз. Оның тарихымен де таныспын. Бір байқағаным, жыл сайын хэллоуинді тойлайтын жастар көбейіп келеді.

Мәншүк ЕРЛАНҚЫЗЫ, Алматы менеджмент университетінің 3-курс студенті:

Хэллоуин мерекесін ешқашан тойлаған емеспін. Алдағы уақытта да тойламаймын. Достарым тарапынан да мерекені тойлау туралы ұсыныс естімеппін. Әлеуметтік желіден осы мерекені атап өткен жастарды көрдім. Қорқынышты мерекенің қазақ өміріне дендеп енуі жақсылықтың белгісі емес.

Көмелеттік жасқа толмағандардың көңіл көтеру орындарында және түнгі уақытта ата-анасыз көшеде жүргенін, оларға ішімдік пен темекі сату деректерін анықтадық. Ата-аналар балаларын түнде бақыламайтындығына көз жеткіздік және заңға сәйкес шаралар қабылданды», — дейді ол.

Хэллоуин түні 105 жасөспірім ұсталып, оның 77-і әкімшілік құқық бұзғаны үшін полиция бөлімшесіне жеткізілген. Көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 8 бала орналастырылып, 96 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Тоғыз компьютерлік клуб жетекшісіне қатысты іс қалалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жіберілген.

Міне, бір қалада, бір түнде болған жағдай. Осыдан кейін хэллоуинді тойлауға қалайша оң көзбен қарайсыз! Ең бастысы — ұлт санасын ұлайтын мерекенің мәні де, манызы да жоқтығын жұртқа жеткізу керек. Қорқыныш пен үрейдің үйден басталатыны әр ата-ананың жадында жүруі тиіс.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

ФОТОАЙҒАК

Бұл не деген батпан құйрық



Алматыда ұрланған заттарды сатып, қомақты ақша тауып келген ер адам ұсталды. Оның үйінен 184 ұялы телефон, 154 ноутбук, 10 нетбук, 7 теледидар, 29 видео және фотоаппарат, 1 проектор, 6 ерлер сәмкесі, 8 құндыз тон, 6 қолсағат, 26 ноутбук сәмкесі, 80 телефон қабы, 15 қуаттағыш құрал табылған.

Фото: zakon.kz





NARYQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Форум

Астанада өткен Digital Bridge халықаралық инновациялық форумы – елімізде ұйымдастырылған басты инновациялық оқиға. Шараға қатысушылар цифрландыру саласындағы әлемдік трендтерді талқылап, алдыңғы қатарлы тәжірибелермен және бизнес-модельдермен ой бөлісті. Форумға Жан Франсуа Готье, Дирк Альборн, Боб Дорф, Алия Прокофьева, Джефф Хоффман, Камран Элахиан секілді халықаралық IT қоғамдастығының негізгі өкілдері, технология саласындағы танымал сарапшылар, кәсіпорын басшылары, сала кәсіпкерлері, сондай-ақ бірқатар елдің мемлекеттік секторларының өкілдері, ғалымдар, венчурлық инвесторлар қатысты.

Осы орайда халықаралық форум ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ұйымдастыруымен, «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ және Astana Hub халықаралық технопаркінің қолдауымен өткізілгенін айта кеткеніміз орынды болар.

Жиында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Digital Bridge үлкен байланыстар жасалатын алаңға айналарын сөз етті. Оның айтуынша, аталған шараны өткізудегі басты мақсат – Астана алаңында Еуропа мен Азияның арасын жалғайтын виртуалды көпір құру. Ол «Әлем жылдам өзгереді. Бүгінде байланыс орнату үшін бір-бірімізге жиі баруымыз қажет. Байланысты интернеттің көмегімен орнатуға да, өзіннің пікірімен бөлісуге де мүмкіндік бар. Сондықтан, форум болашақта жалғасын тауып, жыл сайын аясы кеңейе түседі деп ойлаймыз. Осылайша үлкен байланыс алаңына айналады», – деді.

Инновациялық форумда Қазақстанда кәсіпкерлікті жүргізуге қатысты шетелдік сарапшылар да пікір білдірді. Priceline Group негізін қалаушы Джефф Хоффман «Бірнеше жыл бұрын Қазақстанға сапармен келген болатынымын. Сол кезде көптеген кәсіпкерлермен кездесіп,

өте ұтымды идеялармен таныстым. Осы жолғы сапарымда Қазақстандағы кәсіпкерліктің айналасында экожүйені құруды жалғастыру үшін келіп отырмын. Соңғы 6 жыл бойы әлем

сөз етті. Оның ойынша, Бахрейн мен Сингапур үлгісі тұрғысында субсидиялар мен гранттар бөлу керек. Ол үшін үкіметпен үнемі диалог жүргізілуі тиіс. Идеялар жеке сектордан түссе, мемлекет тарапынан қолдау болуы шарт. Осы орайда, Сингапур үлгісіндегі мемлекеттік-жеке әріптестік ең қолайлы кадам деген шетелдік сарапшы «Қазақстан – Жібек жолының мұрагері екені белгілі. Еуропа мен Азия арасындағы цифрлық көпір құруға ұмтылып жатырмыз. Бұл бастамада инвесторлар тартуға мүмкіндігі жоғары,



ИНТЕРНЕТ ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



елдеріне саяхаттап, кәсіпкерлерге дәріс оқып, олардың жаһандық желісін дамытуға үлес қосудамын.

Қазақстанда кәсіпкерлерге жаңа бағыттар ашуға мүмкіндіктер көп екенін байқап отырмын. Атап айтқанда, осы елді дамыту жолында бизнес өкілдерінің алатын орны ерекше. Қазақстанда бірнеше жас кәсіпкерлермен пікір алмастым. Олардың барлығы елдің болашағына өз үлестерін қосуға дайын екенін сенімді түрде айтып отыр», – деді.

Джефф Хоффман пайымынша, кәсіпкерлікке кірісердің алдында түрлі саладағы проблемаларды шешуге мән беру керек. Өз кезегінде Unbound бас директоры Дэниел Сиел Қазақстанда бизнес жобаны іске қосудың әлеуеті жоғары екенін

кейіннен осы инвестициялар міндетті түрде қайтып оралады», – деп түйінделі ойын Дэниел Сиел.

Форумда Бақытжан Сағынтаев Digital Bridge Awards жүлдесін табыстады. Атап айтқанда, цифрлық бастама аталымында қоғамдық көлікте «Оңай» жолақы төлеу жүйесі үздік деп танылды. Ал «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы цифрландыру бойынша үздік кеңсе ретінде денсаулық сақтау министрлігі марапатқа ие болды.

Үздік IT компания аталымында «Документолог» ЖШС жеңіске жетті.

Айта кетерлігі, Қазақстанда цифрландыру саласының ең алғашқы Digital Bridge Awards жүлдесінің үш аталымындағы жеңімпаздарды Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев төрағалық еткен комиссия анықтаған болатын.

Үкімет басшысы еліміздегі интернет мәселесін де қозғады. «Бізде де үлкен проблема бар. Аумағымыз өте үлкен, жер көлемі бойынша әлемде 9 орындамыз. Халық саны өте аз, шашыраңқы қоныстанған. Қазақстанда 7 мыңдай елді мекен бар. Егер олардың әрқайсысына кең жолақты интернет жеткізетін болсақ, онда бұл салаға ақшамыз жетпейтін еді. Соңғы ауылға жеткізгенімізше, технология да өзгеріп кетті, қажеті болмай қалуы да ықтимал», – деген Премьер-Министр аймақтарға интернет жеткізудің өзге жолын тандағанын баса айтты. Яғни әлеуеті бар ауылдарды дамытуға күш салынбақ. Олардың саны мыңнан асады. Осы елді мекендер 2021 жылға дейін тұтас кең жолақты интернетпен қамтылады.

Бейсен НАРЫНБЕК

Тасымал

Ел-жұрттан сүйінші сұрайтын жаңалық. Жаңадан құрылған FlyArystan әуе компаниясы көлер жылдың бірінші

жартыжылдығында жолға шығады. Компанияның өзге әріптестерінен артықшылығы сонда, тұрғындар әуе тасымалы қызметін нарықтағы бағадан екі есе төмен пайдаланады. Эконом класты ұшақ салоны 180 жолаушыға арналған.

Бастапқыда Airbus A320 ұшағының төртеуі пайдалануға беріледі. Бұл туралы «Әйр Астана» басшылығы FlyArystan бюджеттік әуе компаниясының жұмыс барысын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне таныстыру рәсімінде айтты.

Жақында Елбасы «Әйр Астана» әуе компаниясының президенті Питер Фостерді қабылдау барысында, аталған әуе компаниясының қызметін жоғары бағалай келіп, компания басшысына еліміздің тұрғындарын қолжетімді әуе билетімен қамтамасыз ететін жаңа әуе компания құруға тапсырма берген еді.

Қазіргі таңда жаңа компанияның қызмет тобы құрылды. Ұжымға Cebu Pacific және Virgin Blue әуе компанияларында 15 жылдан астам басқарушы қызметін атқарған Тим Джордан жетекшілік етеді. Бұл қызмет көрсету тәртібімен ерекшеленетін

ӘУЕ КЕҢІСТІГІНДЕ ЖАҢА КОМПАНИЯ



бюджеттік әуе компания болғанымен, «Әйр Астана» бөлімшесі ретінде барлық қауіпсіздік пен сенімділік стандарттарына сәйкес екенін атап өту керек.

Питер Фостер, «Әйр Астана» әуе компаниясының президенті «FlyArystan әуе компаниясын құру толыққанды зерттеу мен ішкі бизнесті жоспарлау нәтижесінде тез ауыспалы жергілікті және аймақтық әуе тасымалдау нарығының қажеттілігінен туды. Бюджеттік әуе компаниясының іске қосылуы «Әйр Астананың» қысқа және ұзақ мерзімді дамуына оң әсер ететініне, сонымен қатар төмен бағамен ішкі және аймақтық бағыттарда сапарлауға мүмкіндік алатын жергілікті туристер үшін көптен күткен жаңалық болатынына сенімдіміз», – деді ол жиында.

«Әйр Астана» әуе компаниясы қызметкерлерінің жүргізген зерттеуіне сүйенсек, еліміз тұрғындарының 10 пайызы ғана әуе тасымалы қызметін пайдалануға мүмкіндігі бар. Ал 90 пайызы пойыз, автобус және автокөлікті пайдаланады. Сондықтан FlyArystan әуе компаниясы ішкі бағыттағы әуе тасымалы барысында қарапайым халыққа қолжетімді бағаға қызмет көрсетеді.

FlyArystan әуе компаниясының директоры Тим Джорданның айтуынша, жаңа әуе компания еліміздің барлық тұрғындарына арналған. Ол «Аталған әуе компания ашылмас бұрын нарықтағы ішкі бағыттардың құны алдын ала зерттелді. Біз Қазақстан тұрғындарына қолжетімді бағамен әуе тасымалын пайдалануға мүмкіндік беретін бірден-бір әуе компаниясы болатынымызға сенімдімін. Сондай-ақ бұл жаңалық Алматы мен Астана секілді ірі қалалардан бөлек, барлық аймақтардағы әуежайлардың сапалы қызмет көрсетуіне серпін береді. Еліміздегі әуежайлар бұл жобаны іске асыруға құрылымдық жағынан толықтай дайын», – деді.

FlyArystan компаниясының маркетинг және сату бойынша директоры Жанар Жайлауова «Біздің сегментіміз – ол ешқашан ұшақпен ұшпаған тұрғындар. Компанияның басты мақсаты – азаматтардың табысына, дәрежесіне қарамастан, барлығына бірдей қызмет көрсету.

Зерттеу нәтижесі бойынша қазақстандықтардың тек он пайызы ғана ұшақ қызметіне жүгінеді. Сонда әлі күнге дейін тоқсан пайыз халық ұшақ қызметін пайдаланып көрмеген. Демек, тоқсан пайыз халыққа компаниямыздың қызметі әрдайым қолжетімді болмақ», – дейді.

FlyArystan 2022 жылға дейін әуе флотын 15 ұшаққа дейін толықтырмақшы. Әуе компаниясының рейстері еліміздің бірқатар қалаларына жол ашады. Ал бағыт туралы ақпарат алдағы уақытта белгілі болмақ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Биыл еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 20 жыл толды. Еске түсірсек, 1997 жылдың маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы қабылданды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап ол күшіне еңді.

Дәуір өлшемімен қарағанда, 20 жыл соншалықты көп уақыт емес. Әйтсе де, осы мерзім ішінде отандық зейнетақы жүйесі қалыптасып қана қоймай, аяғынан тік тұрды. Қоғамдағы әлеуметтік ахуалға тікелей ықпал ететін жүйе дамудың бірнеше сатысынан өтті. Өзгеріс енгізілді, жаңғырды. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды. Ол бүгінде – Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағынының сенімді бірыңғай әкімшісі және операторы.

РЕФОРМАНЫҢ ҚАЗЖЕТІЛІГІ

Қазақстан ТМД елдері арасында халықты зейнетақымен қамсыздандыру саласын алғашқы болып реформалаған мемлекет. Бюджетке тәуелді ортақ зейнетақы жүйесін өзгерту заман талабынан туындады. Оның орнына жеке



зейнетақы шотындағы жинақтарға негізделген жинақтаушы жүйеге көшу міндеті тұрды. Мұның не үшін қажет болғанын түсіндіру үшін өткенге аз-кем көз жүгіртуге тура келеді.

Отандық зейнетақы жүйесінің даму тарихын реформаға дейінгі және реформадан кейінгі кезең деп бөлген дұрыс. Бірінші кезең еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап 6 жылдан астам уақытқа созылды. Бұл кезде Кеңес дәуірінен келе жатқан ортақ зейнетақы жүйесі жұмыс істеді. Одақ ыдырағаннан кейін бұрынғы кеңестік республикалардың қиын кезеңді бастан кешіргені мәлім. Экономикалық дағдарыс ортақ зейнетақы жүйесін тұралатты. Дегенмен мемлекет зейнетақыны уақытында төлеуге тырысты. Бүкіл ауыртпалық мемлекеттік бюджетке түсті. Осындай қиын жағдайға байланысты зейнетақы жүйесі реформаны қажет етті. Жана реформа мемлекеттік бюджетке түсетін ауыртпалықты жою және нарық талаптарына жауап бере алатын әділетті зейнетақы жүйесін құруды көздеді.

1997 жылы наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы» және маусым айында қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы – зейнетақы жүйесін реформалаудың негізіне айналды. Сөйтіп, еліміз зейнетақымен қамсыздандырудың ортақ жүйесінен бас тартып, аралас жинақтаушы зейнетақы жүйесіне бет бұрды. Осылайша 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандықтар жалақыларының 10 пайызын міндетті зейнетақы жарнасы ретінде жинақтаушы зейнетақы қорына аудары бастады. Оған қоса, ерікті зейнетақы жарналарын аудару құқығы берілді.

1997 жылдың қыркүйек айында «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» (ГНПФ) Үкімет қаулысы шықты. Сол жылғы желтоқсанда қорды тіркеу туралы куәлік берілді. ГНПФ –зейнетақы қызметі нарығындағы алғашқы ұйым. Оның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына ықпал еткені дау тудырмайды. Өйткені ол тұрғындардың осы жүйеге деген сенімін арттырды. Оған қатысуға ынталандырды. Жұмыскер жеке зейнетақы қорымен шарт жасамаған жағдайда, жұмыс беруші оның міндетті зейнетақы жарнасын автоматты түрде «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға тиіс болды.

1998-2013 жылдар аралығында Қазақстанда 10-нан астам мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істеді. Соңғы жылдары меншікті капиталға деген талаптың күшеюіне байланысты олар біріге бастады. Жалпы, жеке қорлар зейнетақы активтерін барынша табысты және тәуекелі жоғары қаржы құралдарына инвестициялауға тырысты. Көп пайда табуға бағытталған инвестициялық саясат оларды шығынға ұшыратып жатты. Бұдан, әрине, ең алдымен салымшылар зардап шекті. Құнды қағаздарын жеке зейнетақы қорлары сатып алған компаниялардың бір бөлігі 2007-2010 жылдары елімізде орын алған қаржы дағдарысы барысында дефолтқа жол берді. Түптеп келгенде, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының төмен табыстылығы зейнетақы жүйесін реформалауды одан әрі жалғастыруды талап етті.

ЖАҢА БЕЛЕС

2013 жылы қаңтар айының соңында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Үкімет пен Ұлттық банкке ГНПФ базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Оған сәйкес, 2013 жылдың қыркүйегі мен 2014 жылдың сәуірі аралығында БЖЗҚ-ға жеке зейнетақы қорларындағы шоттар берілді. Зейнетақы активтерін бір қорға шоғырландыру – зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне кері әсерін тигізген жоқ. Керісінше қазақстандықтардың жинақтарын тиімді және қауіпсіз түрде инвестициялауға мүмкіндік берді.

БЖЗҚ-ны құрудың аркасында зейнетақы активтерін есепке алу және сақтауға байланысты операциялық шығындарды және әкімшілік шығындарды қысқартуға қол жеткізілді. Үлестес тұлғалармен көпе-көрінеу залалды мәміле жасау тәуекелі жойылды. Салымшылардың бір қордан екінші қорға көшіп-қонуы тоқтатылды. Комиссиялық сыйақының деңгейі бірден екі есеге дейін қысқартылды. Ол кейінгі жылдары да бірнеше рет азайтылды. Мысалы, зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақы 2014 жылдан бері 40 пайызға қысқартылып, 2019 жылға қарай айына 0,015 пайыз мөлшерінде, ал инвестициялық табыс сомасынан алынатын комиссиялық сыйақы 33 пайызға дейін қысқартылып, 2019 жылға қарай 5,0 пайыз мөлшерінде бекітілді. Мұның барлығы елдің зейнетақы жүйесіне оң әсер етті.

КӨП ДЕҢГЕЙЛІ ЖҮЙЕ

Бүгінде елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады. Олар:

- 1) мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және жасына (*еңбек өтіліне*) байланысты ортақ зейнетақы;
- 2) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына негізделген міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі;
- 3) ерікті зейнетақы жарналарына негізделген жинақтаушы жүйе.

Тұрғындардың жиынтық зейнетақысы екі төлем көзінен



төлемдерінің көлемін едәуір арттыруға септігін тигізеді.

2020 жылдан бастап елімізде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу жоспарланып отыр. Ол бойынша, барлық отандық жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен

толатын азаматтар арасында ортақ зейнетақы алуға құқығы бар азаматтар саны азаяды.

Алғашқы кезеңде (*2016-2020 жылдар*) құқықтық негіздерді әзірлеу және зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бірінші кезектегі шараларын іске асыру жоспарланды. Атап айтар болсақ, бұл кезеңде: әлеуетті құрылымдардың қызметкерлері 2016 жылдан бастап

толығымен мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне өтті. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қордан зейнетақы төлемдері тек ай сайын беріле бастады. Бұл жиынтық зейнетақының мөлшерін арттыруға септігін тигізетіндігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау тәртібі өзгерді. Екінші кезеңде (*2020-2030 жылдар*) зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру және салымшылар мен алушылардың құқықтарын қорғауды одан әрі жетілдіру шаралары қабылданады. Оларды жүзеге асыру үшін зейнетақы жүйесінің тиімділігін

ОТАНДЫҚ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ: РЕФОРМАДАН – ДАМУ ЖОЛЫНА ТҮСУ

құралады. Бірі – мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақы болса, екіншісі – БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары есебінен жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдері.

2005 жылы енгізілген базалық зейнетақы барлық зейнеткерге төленеді. Оның мөлшері 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты есептеліп жатыр.

Ортақ зейнетақы – кеңес заманынан мұра болып қалған, яғни бюджет қаржысына негізделген жүйе. Ол 1998 жылға дейін кемінде 6 ай еңбек өтілі бар зейнеткерлерге төленеді.

Қордан зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатын төлемдерге келер болсақ, қазіргі уақытта Қор жарналардың үш түрін қабылдайды. Олар: міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары.

Міндетті зейнетақы жарналары 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 10 пайызын құрайды. Бұл жарналарды зейнетақы Қорына жұмыс берушілер аударып отырады.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 5 пайызын құрайды. Бұл жарналарды жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен еңбек жағдайлары зиянды деп саналатын жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына төлейді.

Ерікті зейнетақы жарналарын Қазақстанның кез келген азаматы өз атына немесе үшінші тұлғаның атына өзінің табысы есебінен аудары алады. Олардың мөлшері, төлеу және алу тәртібі шарт тараптарының өзара келісімі бойынша белгіленеді. Жалпы, ерікті зейнетақы жарналарын тұрақты аударып тұру зейнетақы

жұмыскерлерінің пайдасына олардың айлық табысының 5 пайызын Қорға аударарды. Бұл үшін Қорда шартты зейнетақы шоттары ашылады. Ондағы жинақтар жұмыскердің меншігі болып саналмайтындықтан мұраға қалдырылмайды. Бұл төлемдер зейнет жасына толған азаматтарға, сондай-ақ І және ІІ топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандарға төленеді. Бірақ бұл үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары олардың шотына кемінде 60 ай бойы, яғни 5 жыл тұрақты түрде аударылуы тиіс.

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІГІ

Елімізде зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Соған сәйкес инфляцияны ескере отырып, зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына мемлекет кепілдік береді. Бұл ретте Қорда зейнетақы жинақтары бар, І және ІІ топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар мен Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар зейнетақы төлемдерін алу үшін Қорға, ал мемлекеттік зейнетақы мен мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін бірыңғай өтінішпен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгінеді. Зейнет жасына толған азаматтар болса биыл қазан айында енгізілген Композиттік қызмет аясында мемлекеттік зейнетақылар мен Қор төлемдерін және мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін бірыңғай өтініш пен қажетті құжаттарды осы мемлекеттік корпорацияға тапсырады. Айырма төлемін алу үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ. Оны алуға құқығы бар адам қайтыс болған жағдайда, бұл төлем Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне белгіленген тәртіппен оның мұрагеріне төленеді.

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Зейнетақы жүйесін – қоғамның айнасы деуге болады. Өйткені елдегі барлық әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістер зейнетақы жүйесінің дамуына тікелей әсер етеді. Осы ретте 2014 жылы Елбасы Жарлығымен бекітілген, «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының» алар орны ерекше. Оны іске асыру аясында ортақ зейнетақының орнын басатын төлемдерді дамыту көзделді. Себебі уақыт өткен сайын зейнет жасына

арттыру, зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі кепілдіктері жүйесін жетілдіру көзделеді.

Ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметінде ашықтық, шынайылық қағидасын ұстанып келеді. Өйткені, ол – зейнетақы жүйесіне деген сенімнің кепілі.

Былтыр Қордың 2017-2021 жылдарға арналған корпоративтік даму стратегиясы бекітілді. Соған сәйкес Қор отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының сенімді бірыңғай басқарушысы және операторы болып табылады. Қазір Қор стратегия аясында үздік әлемдік стандарттарға сәйкес сапалы қызмет көрсету, тұрғындар арасында зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту және зейнетақы заңнамаларын жүзеге асыру міндеттерін орындап жатыр.

ҚАРТТЫҚ ШАҚ ҚАЗЫНАЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕҢЗ...

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі қазіргі уақытта қарқынды даму үстінде. Оның маңызды қағидалары: шоттарды дербестендіру, жинақтарды меншіктеу және мұраға қалдыру, сондай-ақ жинақтардың сақталуына мемлекеттік кепілдік қағидалары толығымен сақталған. Жана ұрпақ пен ортақ зейнетақы алуға құқығы бар аға ұрпақтың мүдделері мен құқықтары қорғалған. Зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында үлестірілген. Зейнетақы активтері тәуекелі төмен, табысы тұрақты қаржы құралдарына инвестицияланады. Ал одан күн сайын зейнетақы шоттарына инвестициялық табыс түсіп отырады. Бұл отандық жүйенің әлемде бірегей сипатқа ие екендігін білдіреді.

Мемлекет өз міндеттемелерін орындап жатыр. Әрі қарай, қарттық шақтың қазыналы бола түсуі әрбір азаматтың өзіне байланысты. «Бейнет түбі – зейнет» демекші, тер төгіп еңбек еткен, жалақыны «конвертпен» емес, ресми түрде алатын, зейнетақы жарналарын тұрақты төлеп тұратын адам бұған қол жеткізе алады. Оның үстіне жақын болашақта еліміздің зейнетақы жүйесінде жинақтаушы бөлік басымдыққа ие болады. Яғни, зейнетақы мөлшері зейнетақы жинақтарына тікелей байланысты болады деген сөз. Сондықтан зейнетақы жарналарының Қорға қосымша мөлшерде тұрақты аударылып тұруы өте маңызды. Түптеп келгенде, әрбір азамат өзінің болашағына, болашақ зейнетақысының тағдырына өзі жауапты. Демек, зейнетақы шотыңыз тұрақты түрде жарналармен толығып тұрса, ол – қамсыз қарттығыңыздың кепілі!

Талап ТІЛЕГЕН



Фото: Ғалия ҚАЛИЕВА



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

KINO

www.jasqazaq.kz

Қазіргі қазақты Голливуд та, Болливуд та тамсандыра алмайды. Отандық кино өндірісінен шыққан туындылар барлық арналарды жаулап алды. Алайда көркем шығармаларды көгілдір экран арқылы тамашалап отырған ел-жұрттың бәрі төл туындыларды тамсана көре алмай жүргені ащы шындық. Неге?

Көрермендердің көкейінде жүрген сан түрлі сауалдардың бір парасын біз белгілі кинотанушы, өнертану PhD докторы Гүлзат Көбекке қойдық.

— Қазіргі казак киносы өмір талаптарына қаншалықты сай? Біз киноны ұлттық болмысқа жақындата алдық па?

— Өнер туындысы арқылы белгілі бір деңгейде диагноз қою қиын емес. Оның табиғаты автордың барлық ішкі дүниесін ашып береді. Айна тәріздес, ненің сұлбасы тұр, соның бейнесін ғана көрсетеді. Алдамайды. Өресінің деңгейін өлшеуге болады. Бүгінгі казак киносының даму деңгейінің көрсеткіші мен әділ бағасын — экранға шыққан фильмдер арқылы ғана айқындай аламыз.

Біріншіден, ұлт, оның болмысы, оған тән құндылықтары бағытындағы ізденістердің нақты нәтижесі бола алатын фильм санаулы. Оның ішінде, Д.Жолжасыновтың «Құнанбай» фильмінде ұлттың болмысы терең ашылған. «Біз қандаймыз?» деген сұраққа үлгі ретінде жауап табуға болады.

«Қанымызға тән тағы қандай қырларымыз бар?» деген сауалға М.Бидосовтың «Тар заман» фильмі де толымды жауап береді. Жанды жеріміз осы. Дертіміз. Әлі күнге дейін емін таппай келеміз. Біз көп жағдайда бойымыздағы өз мінімізбен емес, өзгелермен орынсыз күресіп жүреміз.

Р.Әбдірашевтің «Алмас қылыш» фильмі рухымызға қойылған диагноз. Бұл туындының идеясынан жаужүрек мінезіміздің кілті білектен емес, білімде екендігінің жолын көреміз. Авторлар мақсатын дұрыс жолға қоя білген.

С.Құрманбековтың «Оралман» фильмі арқылы атамекен мен туған жердің топырағының құны біз үшін қандай маңызға ие екендігін байқаймыз. Фильмнің авторы терең ізденген. Болмысымызға тән мінездің бірнеше түрін ашып берген. Бұл, біздің біртұтас ұлт болсақ та, өреміздің біркелкі емес екендігінің дәлелі.

Отбасылық құндылықтардың бүгінгі диагнозын С.Апрымовтың «Әкеге қонырау шалу» фильмінен артық қойған фильм жоқ. Казак отбасыларының көпшілігінің жасыратын жанды проблемасы осында. Қоғамда емделмеген рухани дерт түрі көп. Оның зардабын ұрпағымыз тартатынының нақты дәлелі осында.

Бұл фильмдер кинogerлеріміздің шығармашылық ізденісінен бірнеше мысал ғана.

кабылдаймын. Оған әрқайсысы әртүрлі мақсатпен қалам жасауда. Олардың қалауы бір емес. Сол себепті біржақты баға бермегеніміз дұрысырақ.



Гүлзат Көбек:

АРЗАННЫҢ ЖІЛІГІ ТАТЫМАЙДЫ!

Нарықта ешбір бәсекелеске өкпе-наз айту жөнсіз. Бұл — бизнес. Оның өз талаптары бар. Ол ортаның қалыптасқан мәдениеті бар. Біреудің қалтасындағы ақшасын сырттан отырып санау, ешбір әдепке жатпайды. Аудиторияға ұсынып отырған өнімінің сапасына ғана көрермендер — тұтынушы, біз — арнайы маман ретінде ғана өзіндік пікірімізді айтумен шектелеміз. Фильм түсірме деуге құқымыз жоқ.

Қаржы өз қалтамнан шықты екен деп фильм авторларының да қоғамдық санаға кері

таланттарды оқуға іріктеп алу жұмысында кемшіліктер бар деген сөз.

— Соңғы көрген киноларыңыз туралы не айтасыз? Не ұнады, не ұнамады?

— Байыбына бармай, байбалам салуды әділдік деп есептеймін. Прокатта соңғы шыққан фильмдерге пікір білдірмес бұрын, көріп, зерттеп, ерекшеліктерін әділ ескелеу керек. Барлығы бірдей деңгейде емес.

Нұртас Адамбаевтың «Лифт» атты жана фильмі салмақты дүние. Айтары бар. Бүгінгі жаһандық дәуірдегі құндылықтардың құлдырауына үлкен зерттеу жүргізген. Екі түрлі әлеуметтік ортаның айырмашылығын кейіпкерлері арқылы шеберлікпен ашқан. Ізденген. Себептерін өте жақсы түсіндірген.

Мазмұны дәл бүгінгі уақытта өзекті. Жанаша ойлайтын жастар мен аға буын арасындағы қарама-қайшылық. Отбасылық құндылықтар. Ақшаға сатылмайтын қарым-қатынас. Бүгінгі әлеуметтің ішкі көңіл-күйі дәл берілген. Оқиғаны беру формасы да бөлек.

Токтап қалған лифтідегі екеудің дүниетанымы өз істеріне есеп беруге уақыт таппайтын бүгінгі адамдардың бейнесін ашады. Токтаған лифт — бір сәтке үзіліс жасап, өз өмірлері туралы ойлануға мүмкіндік береді. Бес қарыс лифтінің тар кеңістігінің өзі бейнелі түрде көрмен тең. Кейіпкерлер өз ар-ұятының алдында қатаң есеп берген.

А.Сатаевтың «Бизнесмендер» фильмінің бүгінгі жастарға айтары бар. Токсаныншы жылдардағы оқиғаны бейнелесе де, тақырып бүгінгі таңда да өзекті. Кәсіп пен мәңсап жолында ең бастысы — отбасылық, адами құндылықтарды ұмытуға болмайтынын фильм

көрермендердің қабылдау әсерінен байқау қиын емес. Біртұтастылық пен тиянақтылық бар. Шығармашылық топтың жұмысы жауапкершілікпен жасалған. Көрермендердің көңіл-күйін көтеріп, демалып көруіне арналған мұндай да фильмдер керек.

Төреғалидың да өнердегі өз орны бар. Бұл фильмде ол көрерменге өзінің шығармашылық жолындағы күйзеліспен өткерген сәттері туралы жан сырын ашады. Мейлі, бұл фильмді кейбіреулер әншінің ақталуы деп қабылдап, бірақ Төреғалидың өз бейнесін сомдаған рөлі мен актерлік шеберлігі көптеген кәсіби мамандардан еш кем емес. Шынайы. Жасанды емес.

Ерке Есмахан түскен А.Ұзабаевтың «Махаббат кафеcін» әншінің табынушыларына арналған фильм деп қана қабылдаймын.

— Енді не істеу керек деген сұрақ біздің алдымыздан шығады. Шын мәнінде, казак киносын қай арнаға бұруымыз керек?

— Әрбір өнер туындысы әлеуметтің ішкі мәдениетін көтеруге қызмет етсе игі. Фильмдердің мазмұны санаға серпіліс тудыра алуға қауқарлы болуы шарт. Бұл дәл бүгінгі нарық заманында өзекті болып табылады. Материалдық құндылықтар алдыңғы қатарға шыққан бүгінгі уақытта, халықтың рухани тұрғыдан түбегейлі тоқырауға ұшырамауы маңызды.

Осы бағытта кино өнері үлкен рухани жауапкершілік көтерумен қатар, нәтижелі ықпал жасай алады. Кинogerлер адамшылдығымызды арымызбен сақтаудың үлгісін көрсетуді әрбір фильмінің идеясының өзегіне айналдыра білсе, бұл — өнер арқылы өміріміздің құнын түсінуге салынған басты кепілдік.

— Оскарға Қазақстанның атынан ұсынылып жатқан «Айқа» фильміне қозқарасыңыз қандай?

— Түпкі мақсаттары фильмнің авторы мен



Мәселе мынада. Өз болмысымызды зерттеуге жасалған талпыныстар мен ізденістер бар. Бірақ біздің мақсатымыз — осы экран өнерінің мүмкіншілігін өз мүддемізге қалай қолдана алатындығымызда. Бүгінгі заманда көрерменді сәукеле мен қимешек кигізіп таңқалдыру мүмкін емес. Ол — бос әурешілік. Бұл сол ғасырдың өзіне ғана тән ғажайып ертегісі.

Бүгінгі талап басқаша. Дәл бүгінгі заманда белгілі бір ұлттың нақышы мен бет-бейнесі — оның қалыптасқан интеллектуалдық келбетінде, ішкі мәдениетінде. Өресінде. Адами қасиетінде. Біздің отандық көрермендер өз заманының қаһарманын көруге әэру.

Кинogerлер ұлттың мақтанышы болатын, жастарға үлгі көрсететін, экранда жаһандық сипат алып, аты мәшһүр болып, оның болмысына өзге ұлт өкілдері де сүйсініп, табынатын бүгінгі заманның өзінің кесек кейіпкерлерін қалыптастыра алса — нағыз жетістік осы.

— Соңғы кездері әншілер кино түсіруді әдетке айналдырды. Бұл шын мәнінде өнерге деген құштарлық па, әлде ақша табудың амалы ма?

— Коммерциялық кино бағытындағы дәл осы үрдісті мен бар болғаны ізденіс деп қана

әсері бар идеяларын тықпалаудың жөні жоқ. Өнер арқылы ақша тапқын келе ме, ең әуелі рухани бағыттың мен ұстанымдарың дұрыс болуы шарт.

Мен үшін әншілердің түсірген киносын сынаудан гөрі, кәсіби режиссерлердің нарық талаптарына сай өз аумағындағы бос кеңістікті қандай іскерлікпен игере алатындығы маңызды. Арнайы мамандықты үлкен армандары мен мақсаттары үшін оқып, кино саласын қалап келгендігі рас болса, іспен дәлелдесін.

Барлық істің себебін білу — маңыздырақ. Қазақстанның барлық өнер саласына даярлайтын жоғары оқу орындарынан жыл сайын қаншама режиссер мамандар диплом алып шығады. Үздіксіз. Жыл сайын. Саны өте көп. Мемлекеттік грант иелері қаншама?! Қазір олар қайда?!

Осыңшама уақыттың ішінде арнайы оқыған кәсіби мамандар іскерлік шеберлігімен Қазақстанның өз Голливудың құра алмаса, киноөндірісін нарық талаптарына сай аяққа нық тұрғыза алмаса, демек, бізде бір нәрсе дұрыс емес. Бұл — не білім беру жүйесінде, не болмаса мамандыққа даярлайтын ұстаздардың ұстанымында, болмаса, талапкерлерді тандап,

ұтымды түсіндіреді.

Р.Сидоренко мен М.Якобчуктің «Қаракөз» фильмі де прокатқа шықты. Бұл фильмінің де өзіндік ерекшелігі бар. Қорқыныш жанрындағы тың дүние. Бізге барлық жанр түрінің дамығаны маңызды. Әр жанрдың өз көрермені мен табынушылары бар. Үрей мен мистикаға толы бұл фильмінің басты желісі — жастарға ұрлық пен қиянаттың арты азапқа толы екендігін қарапайым тілмен түсіндіріп бере алуымен құнды. Фильм авторлары жанрдың жауапкершілігін шеберлікпен алып шыққан.

Соңғы уақытта әншілер де өздері туралы кино түсіруге белсенді кіріскендігінің куәгері болып жүрміз. Менің пікірімде, киноның тілін кім қандай мақсатта қолданады — ол өркімнің өз арының жауапкершілігіндегі іс.

Өнер — барлығымызға ортақ құндылық. Құнды ойынды көркем де бейнелі түрде киноның кәсіби тілінде жеткізе білмеген соң — бәрі бекер. Оны авторлардың өзі жақсы түсінуі керек. Арзан дүниенің құны болмайды. Басты құндылықтарды асқан шеберлікпен суреттей алмаған

фестивальге ұсынып отырған өкілеттіліктің өздеріне ғана мәлім. Бірақ әділдік үшін мына нәрсені ашып айтуымыз қажет. Бұл фильм казактар туралы емес. Оның мазмұны да қазақы оқиға емес. Демек, жылжытып отырған идея — біздің саяси мүддеміз емес. Онда казактың болмысы да құндылығы да жоқ.

Фильмде Ресейде босқын ретінде жалданып, заңсыз жұмыс істеп жүрген қырғыз қызының ауыр тағдыры баяндалады. Аяғы ауыр болып, нәрестесінен перзентханада бас тартып, оны қарызын жабу үшін саудалауға дейін барады.

Қыз бала — ұлттың абырғойы. Дәл осы кейіпкерді казак актрисасы сомлап, Канн кинофестивалінде басты жүлде алса да, нақ осындай оқиғаға казак қызының тағдырының арқау болғанын ешқашан да қаламас едім.

Бұл — қырғыз халқының трагедиясы. Өзгенің қайғысын ұрлап, жүлде алуды, мейлі Оскар алған күнде де мұны казак киносының әділ жеңісі деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, кино — ұлттың айнасы, рухани байлығы, шығар шыңы, болмысымыздың барометрі. Сондықтан киноны түсірде осы мәселелер мидың

КӨРЕРМЕН ОЙЫ

Сәкен СЫБАНБАЙ, журналист:

Көрермен қызыға тамашалайтын кино түсіру тек кезінде өзі жақсы көрермен бола білген адамның ғана қолынан келсе керек. Өйткені «Шабдалы» көркем фильмін түсірген Жандос Құсайыновты сондай жан шығар деген ойға қалдым.

Себебі фильм көрерменге қызықты хикая шертіп беріп, онымен оңаша сырласуды ғана мақсат еткен. Артық дидактикаға да ұрынбайды, «өзің түсініп ал» деп жұмбақтап қоя салар режиссерлік ребус жасырып та ойнамайды. Әзіл-қалжың мен тапқырлыққа негізделген көңілді рәуіш те, жан толқыта өлжіретер тебіреністі сәттер де, санаңызға саламақ салып, ойландырап тұстар да — бір шымшым да артық салмастан, қажет мөлшерде ғана қосылған ингредиенттер. «Шабдалының» еш қышқылсыз, ауызда ерітіндей дәмді дүние болып шыққаны да сол себепті болар. Көдімігі шабдалының дәмі секілді... Фильмде Солтүстіктің қызы Оңтүстіктің жігітімен қол ұстасып, Жетісайға тартып отырады. Жан дегендегі жалғыз қызынан мұндайды күтпеген, «әкесі секілді прокурор болады, сот болады» деп, дипломын алғалы жұмыс қарастырып жүрген, тіпті өлдебір танысқа әжептәуір ақша (доллармен) беріп те қойған байғұс әйел әуелі өсінен танып та қалады. Өзіне-өзі келген соң: «І-м-м, бұлар қызымның басын айналдырып, алып қашқан ғой! Көресіңіз көрсетейін оларға! Адам алып қашқанның қымыс екенін дәлелдеп, түрмеде шіретейін оңбағанды!», — деп асығыс Шымкентке аттанған әйел алдымен... «адам ұрлауға қатынасты» деген айыппен өзі қымысты бола жаздады. Қызын алып қашқан жігіттің ауылын тапқан соң да, ол үйге жету оңайға соқпайды... Жеткенге дейінгі комедияға өбден күліп, жеткеннен кейінгі драма сәтінде сілтей тынып, оқиғаның өрі қарайғы өрбiн кірпік қақпай тамашалауға мәжбүрсіз...

«Шабдалы» фильмінің басты идеясы мынадай: оңтүстіктен бе, солтүстіктен бе, батыс өңірден бе, шығыс жақтан ба — бәрі қазақ, бәрі — бір қазақ. Жатсынба, жақындас! Ол да — сенің бауырың. «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос»...

туынды тарих беттерінде де алтын әріппен жазылып калмайды.

Төреғали Төреәлі түскен Д.Саркеновтың «Ұлы дала комедиясы» көрермендердің көңілінен шықты деп ойлаймын. Мұны кинотеатрдағы



түпкірінде жатуы керек. Ал ақшаның соңына түсіру — адамды адастырады, ұлт санасын улайды.

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Осы ғой енді...

(Басы
1-бетте)

Қуанышымыз ұзаққа бармады. Пәтерім көл боп жатыр. Алдында ғана жөндеу жұмыстарын жүргізген едік. Бәрі бүлінді. Тіпті сасып кетті.

Көкшетауда көпқабатты 73 үй жаңғырту бағдарламасына ілігіп, 2 миллиард тенгедей қаражат жұмсалған. Осылайша «жөнге келтірілді» деген баспаналардың тең жартысы сапасыз. Су тигеннен қабырғаларының арса-арсасы шығып, сыртқы сылақтары да сыр бере бастады. Кейбір үйлерде жертөлеге кіріп шығудың өзі мұн. Өкініштісі сол, құрылыс жұмыстары үшін тұрғындар 15 жыл бойына мемлекет қоржынына миллиондаған қаржыны қайтаруы тиіс.

КӨКШЕДЕ КЕЛЕҢСІЗ КӨРІНІС



Виктория Петухова, қала тұрғыны:
— 102 миллион теңге деген сумдық көп ақша. Мына жерді сылауға 54 миллион теңге жұмсалды дегенге кім сенеді? Нептен қымбат сылақ. Жаз жаңбырлы болды, төбемізден су сорғалап, әбден есіміз шықты. Пәтеріміз сыз тартып, ауру болдық. Шенеуніктер не ойлап жүр? Тұрғындар жаңғырған жоқ, қаңғырып кетті. Төбеден аққан су әбден мазамызды алғанда, қонатын үй іздейміз.

Құрылыс сапасына наразы болған жұрт қазір заңгер жасап, мердігерлермен соттасып жатыр. Өйткені олар әу баста тұрғын үйлерді жаңғыртуға рұқсат беріп, құжатқа қол қойған. Көпшілік ол кезде жөндеу жұмыстарының сапасыз жүргізілетінін білмеген.

Ботагөз Сәрсекеева, заң кеңесшінің директоры:
— Қала бойынша барлық үйге жөндеу түсті жасалған. Біздің кеңсеге ғана 8 көпқабатты үйдің тұрғындары шағым түсірді. Бағдарлама әу баста дұрыс қолға алынбаған. Заңдастырылмаған құжаттар көп. Сотта бәрі анықталып жатыр.



Берілген қаражаттың тең жартысы мақсатты жұмсалмағаны да белгілі болды. Көкшетаудағы жаңғырту жұмыстарына жауапты арнайы оператор бар. Ондағылар 2017 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бірақ бұл серіктестік тек ақша жинауды ғана білетін сияқты. Өйткені атқарылған жұмыстың сапасына жауап бермейді. Тек құрылысқа кеткен ақшаны халықтан қалай да қайтарып алудың қамымен жүр.

Тимур Перерва, «Бірыңғай есептеу орталығы» ЖШС директоры:
— Тұрғындар мүсінбейтін тұстар бар. Бұл бюджеттен түсе қалатын ақша емес. 2011 жылдан



2017 жылға дейін жаңғыртуға жұмсалған мемлекет қаражатын үйлері жөнделген тұрғындар бізге қайтаруы тиіс. Қазір 100 миллион теңгеден астам қарыз бар. Қолға түскен қаржыны бірден аударамыз. Ақша түспей жатыр. Біз бағдарламаны ары қарай жалғастыруымыз керек.

Қордаланған қарыз қайтпаса, жаңғырту бағдарламасы жарты жолда тоқтап қалуы мүмкін. Өйткені тұрғындардың дені сапасыз жасалған жұмыстарға ақша төлеуге құлықсыз. Десе де жауапты оператор берешегі барлардың зейнетақысы мен әлеуметтік төлемдеріне ауыз сала бастапты.

Бұл туралы заңгер Сәкен Бакаев былай дейді: «Мына масқараны «жаңғырту» деп атайды. Ұяттары жоқ. Көріңіз, міне! Үйлері шашылып бара жатыр. Бұл үйге 22 миллион теңге жұмсалған. Халық сапасыз жөндеу жұмыстарына не үшін төлейді? Бұл жерде халық пенсионерлер, мүгедектер, қариялар, апайлар тұрады. Қазір осы кісілердің зейнетақысынан сот арқылы күштеп ақша ұстап отыр».

Жұртты сандалтып, сергелдеңге салып қойған тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы Көкшетауда айғай шумен жүзеге асып жатыр. Тіпті кей тұрғындар соттасып жүріп, мемлекеттік комиссияның қабылдау актісін жоққа шығарған. Соған қарамастан, қайта жөндеу жұмыстарын қолға алуға әлі ешкім келмепті. Шатыры ашық-шашық жатқан үйлердің қашан жөнделетіні белгісіз.

Айзат ТҰРҒЫНБЕКҚЫЗЫ,
Көкшетау

TIRSHILIK



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Әттеген-ай!

(Басы 1-бетте)

Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы алғашында қайғылы оқиғадан бейхабар болыпты. Тек әлеуметтік желілерде бейнематериал тараған соң, прокуратурадан тапсырма алып, тексеруге шыққан. Егер көршісі бәрін телефонына түсіріп алмағанда не болар еді? Бұл жағдайды ешкім естімей, бейхабар қалғанда жауаптылар жазаланбай қалуы әбден мүмкін ғой.

Осы оқиғаға қатысты Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Светлана Есенаманова денсаулық сақтау министрлігі, облыстық денсаулық сақтау басқармасы да комиссия құрып, оқушы өлімін тексеруді бастағанын жеткізді. Комиссия бірінші күні-ақ жедел жәрдем тарапынан болған кемшілікті анықтаған. Дәрігерлер шакырту түскен соң, тиісті

көмектесуге болады. Бұл жерде уақыт өтіп кеткен», — деді ол.

Денсаулық сақтау министрлігі, Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті өз алдына тексеру жүргізеді. Оған дейін шакыртумен барған дәрігер мен қонырауды қабылдаған фельдшер уақытша жұмыстан шеттетілді. Алдағы уақытта олар жұмыстан шығарылуы мүмкін. Бұл өзгелерге сабақ бола ма? Себебі Инжудің анасы Динара Баймағамбетова бұған дейін де бір қызынан айырылған. Жедел жәрдем келгенше баласының суық денесін құшақтап қалған. «Қайда барсам да, кімге көрсетсем де ақылы анализ тапсырып, дәрігерге қаралуды ұсынды. Қызым соңғы уақытта түйықталып қалды. Өзім секемденіп дәрігерге бардым. Ақшам жоқ екенін қайта-қайта айтып, басын эхоэнцефалоскопияға түсірткіздім. Невропатолог баламның денсаулығынан кінәрат таппады. Бұл жауапқа

ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАЖАЛ

жерге 49 минутта барған. Оның екі себебі бар екен: Біріншіден, диспетчер шакырту қазына «қызуы өте жоғары» деп жазбаған. Осылайша тиісті көмектің категориясы дұрыс анықталмапты. Екіншіден, мекенжайы дұрыс жазылмай, жедел жәрдем көлігі науқастың үйін дер кезінде таба алмаған.

Осы жерде айта кететін жағдай, жедел жәрдемге телефон шалған әрбір адам науқастың жағдайын нақты айтуы керек. Соған қарап мамандар шакыртуды категорияға бөледі. Мәселен, «қызуы жоғары» деудің орнына «қызуы өте жоғары» деп айтса, жедел жәрдем тиісті жерге 30 минутта баруы тиіс. Бұл — үшінші категорияның уақыты. Ал Инжудің анасының қонырауын диспетчер төртінші баланың бұрын да есепте тұрғанын сұрап қоймаған. Шын мәнінде, оқушы бұрын ауырмаған, мектепке барар кезде дәрігерлік тексеруден де өткен.

Тексеру кезінде үйдің табалдырығында жатқан баланы көріп, ата-анасына дүрсе қоя берген дәрігердің әрекеті этикалық жағынан дұрыс емес болып шықты. Құлап жатқан қыздың жүрек соғысын бірден тексеруге тиісті дәрігер әңгімені көбейтіп, баланың бұрын да есепте тұрғанын сұрап қоймаған. Шын мәнінде, оқушы бұрын ауырмаған, мектепке барар кезде дәрігерлік тексеруден де өткен.

Светлана Есенаманованың айтуынша, қызуы күрт көтеріліп, аяқ-қолы құрысқан кезде анасы алғашқы көмек көрсетпек болған. Ағаш қасықпен жұтып қойған тілін шығаруға әрекет еткен. «Басын сол жағына бұрып жатқан қыз 20-25 минуттан соң жан тапсырған. Үйге кірген дәрігерлер баланың қолы, бет-әлпеті көтеріп кеткенін көріп, жедел көмек көрсете алмады. Хаттама бойынша, жүрек тоқтаған сәттен 20 минут ішінде жасанды тыныс алуға



қанағаттанбай, басқа да дәрігерлерге апарғым келді. Жоктық қол байлады, дәрігерлер тексерудің тегін түрі жоғын кесіп айтты», — дейді марқұм қыздың анасы.

Сергі баланы өмірге әкеліп, екі қызынан қапыда айтырған ана өткен-кеткеннің сөзін теріп отырған жоқ. Ол жедел жәрдем тез келгенде «балам тірі қалар еді» деп үміттенді. Бірақ үміт алдады.

Динара Баймағамбетова түскі ас уақытында дене қызуы көтеріліп, жедел жәрдемге 10-нан астам қонырау шалған. Көршілері де қарап қалмапты. «Үмітім жедел жәрдемде еді. Балам тіріліп келмейді, бірақ дәрігерлер жазалануы тиіс», — дейді Динара.

Ақтөбе — елімізде жедел жәрдемді жекенің қолына берген бірінші өңір. Бұл үшін түрік инвесторлары жедел жәрдем бекетін салуға 5,4 миллиард теңге жұмсалды. Сонымен қатар 32 реанимобиль сатып алынды. Техника жанарды, дәрігерлер жана орталыққа көшті, білімін жоғарылатты. Бірақ салғырттық сан соқтырды. Жүрісі баяу дәрігерлер кінәні өзінен емес, өзгенден іздеуге шебер.

Алтынай САҒЫНДЫҚОВА,
Ақтөбе

Өнегелі өмір

Өмірде жақсы жандар болса, соның бірі — Қапан аға. Ол өзін әрқашан қарапайым ұстайды. Мақтаншақтық, асқақтау дегенді білмейді.

Адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленіп, өзгелерді өзіне жақын тартып тұрады.

Туған ауылымыз Көктал деп аталады (*Шығыс Қазақстан облысының Ұржар ауданында*). Шағын ауылда 200-ге жуық отбасы тұрады, күре жолдан аулақ, шалғайда орналасқан. Қамысты Алакөлдің жанында, масасы мен соңасы, шыбыны өте көп ауыл. Сол ауылдың қадірлі азаматы Қапанның менен үш жас үлкендігі бар, сондықтан ол кісі маған аға болып келеді, солай атаймын.

Қапан ағам туралы ойымды қағаз бетіне түсіре бастағанда, алдымен ол кісінің аты неге Қахол болды деген ой оралды. Тұрсын атамыздың Қапанға дейінгі туған балаларының бірнешеуі шетінеп кетіп еді. Қапан дүниеге келгенде ауылда жер аударылған украин азаматы пайда болады. Тұрғындар ол кісіні Қахол атап кетті. Тұрсын шаңырағына зарықтырып келген баласын аман жүрсін деген ниетпен Қахол атын туған балаға ырымдап қойған еді. Алайда төлқұжат алғанда Қапан атанды.

Бұл жағдайды жазуымның себебі бар. Ол Қапанның бала дәрігері, оның ішінде балалар хирургі мамандығын тандауы еді. С.Асфандияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кафедрасын да басқарды. Қазір академик Камал Ормантаевпен бірге кафедрада жұмысын жалғастырып келеді. Көктал ауылынан шыққан алғашқы дәрігер профессор Қапан ағаның өмірінің осылай өрілуі, оның кезінде ауыл балаларының жағдайын көріп өсуі себепші болды деп ойлаймын.

Қапан аға дәрігер, балалар хирургі ретінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген көптеген балаларды емдеп, күрделі ота жасап, жазылып кетуіне себепші болды. Оның еңбегін дәрігерлер

қауымдастығы, балалардың ата-аналары жоғары бағалайтынын көріп жүрміз.

Туған ауылының тұрғындары мен балалары да Қапан ағаны арнайы іздеп келіп тұрады. Алдына келген азаматтарға қолынан келгенше көмектесіп жататыны үйреншікті жағдай. Мысал

қайырып өстік. Қапан ағамның көктемгі сакманда қозы бағып, аудандық «Қызыл ту» газетінде жазылғандай, алдыңғы қатарлы сакманыш атануы да өз алдына әңгіме.

Ауылдағы төрт кластық мектепте оқыдық. Бірінші қатарда — бірінші, екінші қатарда —

ИНТЕРНАТТА ОҚЫҒАН АКАДЕМИК

ретінде айта кетейін, Отан соғысына қатысып, бір аяғын беріп келген Демеухан атаның немересі (*қыз бала*) отқа қатты күйіп, қол-аяғы денесіне жабысып өсті. Ауылға барған Қапан аға баланың жағдайын көріп Алматыға алып келіп, №1 қалалық балалар ауруханасында өте күрделі бірнеше операция жасап, бала аяғына тұрды. Қазір сол қыз отбасын құрып, ана болып, бірнеше бала сүйіп отыр. Ағасына айтар алғысында шек жоқ. Тағы бір мысал, бірде Қапан аға сабакта алдында отырған студенттің әке-шешесі жоқ екенін және медуниверситетте ақылы түрде оқитынын біліп, сол студентке қамқорлық жасады. Оқуын бітіргенше өз атынан стипендия тағайындалды. Бұл да үлкен азаматтық іс және оның кісілік дәрежесінің биіктігі.

Қапан ағаның шеберлігі жоғары балалар хирургі болып қалыптасуына Мәскеуде аспирантурада оқып медицина ғылымдарының кандидаттығын қорғауы, бірнеше жыл шетелде дәрігер болып қызмет жасауының да үлкен әсері болды деп ойлаймын. Оның жазған 200-ге тарта ғылыми мақаласы бала денсаулығына арналған. Болашақ дәрігерлердің үлкен сұранысына ие болып келе жатқан «Нәрестелер хирургиясы», «Балалардың құрсақ қуысының хирургиялық аурулары», «Балалардың іріңді қабыну аурулары» оқулықтары профессор, ғалым Қапан Тұрсыновтың білікті мамандар даярлауға қосқан үлкен үлесі екені сөзсіз.

Қапан аға да, мен де қазір Алматыда тұрамыз. Туған жеріміз туралы әңгіме айтқанда маса мен сонаның бізге «жоламайтындығын», жалаң аяғымызға шөнгенің кірмейтіндігін, шакырайған ыстық күннің тақырбас төбемізден өтпейтінін айтып мақтанамыз. Ауылда мал бағып, қозы



екінші, үшінші қатарда — үшінші, төртінші қатарда — төртінші кластың балалары бірге отырып, сабақ оқыдық. Бастауыш мектепті бітіргеннен кейін бүкіл ауыл балалары 50 шақырым жерде орналасқан Мақаншы ауданындағы интернатта оқуды жалғастырдық. Мектепте Қапан үрлемелі аспаптар оркестрінде ойнады. Осы кезге дейін шахмат жарысынан Алматыдағы №1 қалалық балалар ауруханасының намысын қорғап, арнайы

дипломмен марапатталатындардың бірі, футболдың білгір жанкүйері.

Қапекеннің француз тілін жақсы білетінін көп адам біле бермейді. Бірде Астана — Алматы тас жолында жаздың шыжыған ыстығында, жол бойында велосипедпен бір жалаңбас адам шаң-шын болып ілібіп келе жатқанын көрдік. Қапан «Тоқтандар» деп белгі берді, тоқтадық. Әлгі орта жастағы адам екен шет тілінде амандасты, біз қай тілде сөйлегенін ұға алмай тұрғанда Қапан ағам әлгі кісімен шүлдірлесіп, сөйлесіп кетті. Содан оның Франция елінен шыққан саяхатшы екендігін білдік. Келесі тоқтайтын жері — Алматы, одан кейін — Бішкек, ары қарай Бейжін екенін айтып жатыр. Басында неге бас киімі жоқ екенін сұрасақ, бас киімін жолда жоғалтыпты. Әлгі жерде ағам күнге кетіп кен етекті қалпағын жолаушының басына кигізе салды. Француз азаматы рахметін айтып жатыр. Бірнеше айдан кейін әлгі жігіт бірге түскен фотомызға қосып, Бейжіңге дейінгі саяхатын аяқтап, еліне аман оралғаны туралы хабар жіберді.

Отбасында Қапан ағамның Шәкізат жеңгеммен бірге болған жылдарын еске түсіремін. Олардың отбасы — бір интеллектуалды орта, әртүрлі пікірталастың бастауы болатын жер. Оны қай сала болса да сөз бастай алатын Шәкізат жеңгем басқарушы еді. Қапан ағаның жеңілісі аз, жеңісі көп жеңгеммен бірге өсірген балалары өздеріне тартып елге сыйлы, немерелері ақылды, білімді болып өсіп келеді. Тауба!

Ағама «Сіз 70 жасқа келдіңіз, ағайын-туыстарыңыз бар, достарыңыз көп, осы күнді жақсылап тойлайық» деп қолқа сала барғанда, «Мен 50 жасты да, 60 жасты да атамай-ақ өттім, енді 70-ке келгенімде осылай қинайсындар, сендер тойға келгенде бәрін мені шын-өтірігі

бар мақтағаннан басқа айтарларым жоқ, әлі шешімге келмедім, қалай боларын айтармын» деп шығарып салды.

Расында, менің ағам ерекше жан! Жанымызда жүрген жақсы ағаның өмірі өзгелерге өңеге боларлық. Осындай ардақты азаматтардың арамызда батағой, ақылшы болып жүре бергеніне не жетсін!?

Елемес ӘЛІМХАНОВ, профессор

БАЛА БЕЙНЕ Балалық шақ десе, ауылда өткен алаңсыз кездерімнің көріністері көз алдыма келеді. Бүлдіршін уақыттың бөрі ұқсас-ау. Кейбір ойындар ғана өзгешеу болатын шығар. Ал біз жармақ, асық, футбол, волейбол ойнап, күресіп өстік.



Менің туып-өскен жерім — Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты Жамбыл ауылы. Балалық шағым Шұбартал жайлауында өтті. Әкем мал шаруашылығымен айналысса да, өнерге жақын адам болатын. Кітап оқуға, ән салуға құмар еді. Мектепте оқып жүргенде «Қарлығаш», «Жұлдыз» деген достық топқа бөліну басталды. Ол кезде ұялы телефон деген атымен жоқ. Әр топқа мүшелер ысықру арқылы белгі береді. Бір-бірімізді сол арқылы тауып алатынбыз. Оқып жүріп спорттан да, мәдени шаралардан да қалмадық. Бірде біздің сынып Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын» шығармасынан қойылым дайындады. Драмаға да, трагедияға да жақын шығарма. Осы шығарманы комедияға айналдырып, бүкіл көрермендерімізді күлкіге қарық қылдық. Осындай концерттерге, қойылымдарға көп қатысқанымның әсері мені өнерге жетеледі.

ТОПЫРАҚ ДӘРІ БОЛАТЫН

Балалық шағымның тағы бір көрінісі жылқыларды қатты үркіткенім есімде қалыпты. Мал шаруашылығымен айналысқандықтан, малға берілетін тұз картон қаппен келеді. Сол картон қапты қолыммен көтеріп аламын да, самолет-вертолет деп айналып биелерді шошытамын. Сауын кезі болғандықтан, мал үріккенде айнала айғай-шу дүрбеленге ұласады. Осы дүрбеленнің ішінде Аятхан жеңгемді бие теуіп құлап қалғаны бар. Ол кезде дәрігерге жүгіну деген жоқ. Жеңгем көгерген жеріне «сүф-сүф» деп топырақ жағып алып, орнынан тұрып кеткені бар. Сол кезде аурудың барлығы топырақтан жазылады деген сенім болды ма, бізде

Бауыржан ҚАПТАҒАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері:

Анамдай алпештеген жан ұстазым,
Тербетіп, бүйірімнен жаныштадың.
Алдыңа ақ қағазды жайып салып,
Қолыңа мендей жанды бала ұстадың,
Ұстазым — данышпаным, — деген жолдары болды.

Осы өлең жолын естіген ұстаздарым шу көтеріп, бізді данышпанға теңегенің болмайды. Ол дұрыс емес. Бір ғана данышпан адам бар, ол — Ленин деп жиналыс ашып, шулағандары есімде қалыпты. Сосын мұғалім сабақ сұрамасын деп журналға өзіміз баға қоятынымыз да жадымызда қалыпты. Ұстаздарымыз таң қалып отыратын. «Сендер қашан сабақ айттыңдыр?» десе, «Ой, апай әлгінде ғана айттық қой» деп бет қаратпаймыз.

Осылайша жақсы бағамыздың жанына екілік түсетін. Сөйтсек, ұстаздарымыздың кім сабақ айттып, кім айтпай жүргені есімде екен.

Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде Нарынқол ауданы футболшылар жинады. Командаға мені



және Сүлеймен деген досымды алды. Панфилов ауылына жарысқа келдік. Жарыс басталып енді ойынның қызығы басталарла төбемізден самолет ұшып өтті. Алғаш рет жақыннан көргенімізге таңғалып қалдық. Жаттықтырушымыз «ойнасандаршы» деп айғайға салып, арасында өзі де көкте ұзап бара жатқан ұшаққа қарап қояды. Сөйтсек, ол кезде СУ-15 ұшақтарының алғаш шыққан кезі екен. Кейін «кукурузник» ұшақтарға да отырып көрдік. Бала кезден есімнен кетпейтін осындай қызықтар бар...

Дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА



«Мойын тастау»

Бұл салтқа қыз ұзатылған кезде ғана күе бола аласыз. Дәстүр бойынша қыздың төркіні шаңырақ көтерген жас жұбайлардың тойында сойған мадың мойынын күйеу жігітке тартады. Күйеу жігіт ұсынылған сүйекті таза мүжіп, түндіктің кішкене ғана ашылған төсік жерінен мойын сүйегін сыртқа лақтырады. Ал күйеу жігіт сүйекті әлгі жерден шығара алмаса, қыз жөңгелерінің алдында айыбын өтейді (almatytv.kz).

ШҰБАРТАЛ

Өрлеухан Қиса – Қытайдың Алтай аймағында өмірге келген талантты қыз. Гуанчжоу университеті жанындағы Жер сілкінісіне қарсы тездімдікті зерттеу орталығының аға инженері. 1996-2000 жылы Жапонияның Шығыс-солтүстік университетінде құрылыс мамандығы бойынша оқып, 2000 жылы Жапонияда докторлық қорғаған.

Қисаға қытайлықтар риза



Ол жақында пайдалануға берілген Гонконг, Макао және Жухайды байланыстыратын әлемдегі ұзын көпірді жобалауға қатысқан. Ұзындығы 55 шақырымдық өткел 8 балдық зілзалаға шыдамды және 120 жыл пайдалануға жарамды. Көпірдің тербеліс пен табиғи апаттарға қаншалықты беріктігін Өрлеухан Қиса жобалапты.

Мира ҰЗАҚ

ЖАС ҚАЗАҚ ГАЛЕРЕЯСЫ



Әмір Шайәстех Табар 2009 жылы заманауи мәдениеттің халықаралық биеннале байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Суретші картиналарының жоғары бағалану себебі – картинаның түпкі мөнінде терең сыр жатуында.



Әлемі бөлек Әмір



тарихы жатқан, планетамыздағы бейбітшілік пен келісім идеясын дәріптеуші таңғажайып туындылар жиынтығы.

«Көгілдір симфония» — суретші картиналарының жинағы, сөздер мен әріптердің біртұтас бейнеге қиылысуы арқылы пайда болатын үйлесімді таңғажайып дүние. Сонымен қатар адамзат тарихында тұңғыш рет цифрлық технологияны сурет өнерінде қолданды. Әр картина атауы «Құранның» сүрелерінен алынған.

«Көгілдір симфония» картиналары түгелдей парсы қарпі Nastaligh-пен жасалынған. Әр картинаның дәл ортасында «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен» деген жазуды байқайсыз.

Дайындаған Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2137;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.